

«Тілі»
мақ. бебекжай – сақпа
м у а. Кайсұланова А

Ересек топ.

2024 - 2025 оқу жылы.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылынан бастап жеке қауіпсіздік сабақтары енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 31 тамыздағы № 748 қаулысымен Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз етудің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, ол балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтиды.

Сабақтардың мақсаты – оқушылармен тәрбиеленушілерде әртүрлі жағдайларда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру, ықтимал қауіптерді тану және оларға дұрыс жауап беру қабілетін дамыту.

Сабақтардың міндеттері:

- Жеке қауіпсіздікті қорғау шаралары туралы хабардарлықты арттыру;
- Тәрбиеленушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- Өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту;
- Жауапты мінез-құлық қалыптастыру;
- Психологиялық дайындық;
- Әлеуметтік құзыреттілік;
- Ақпараттық қауіпсіздік.

Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының тәрбиешілері ойын түрінде жеке қауіпсіздік бойынша теориялық түсініктер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін тақырыпқа және қойылған міндетке байланысты жас тобының күн тәртібіне сәйкес балалармен күн бойы шараларды жүзеге асырады.

Сабақтарды апта сайын 10 минуттан өткізу жоспарлануда.

Оқыту нәтижесінде балалардың мынадай құзыреттері қалыптасады:

- 1) Қауіпсіз және қауіпті жағдайлар туралы хабардар болу;
- 2) Даулы жағдайлар мен келіссөздерді шешу;
- 3) Агрессиямен зорлық-зомбылықтан қорғау;
- 4) Әлеуметтік бейімделу және жаңа жағдайларға бейімделу;
- 5) Өз қорқыныштарымен фобияларын бағалау және еңсеру;
- 6) Өз қабілеттерімен мүмкіндіктеріне сенімділікті арттыру;
- 7) Қауіпсіздік сезімі және өзіне сенімділік;
- 8) Жағдаятты талдау және дағдарыс жағдайларында шешім қабылдау;

- 9) Өз әрекеттерімен денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
- 10) Сыни тұрғыдан ойлау және жағдайды бағалау қабілеті;
- 11) Басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара іс-қимыл жасай білу;
- 12) Қажет болған жағдайда көмек сұраудың маңыздылығын түсіну;
- 13) Өртүрлі жағдайда өз-өзіне және өзара көмек көрсету.

**2024 - 2025 оқу жылына арналған «Біртұтас бағдарламасы» аясында жүргізілетін
«Жеке қауіпсіздік» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары.
Ересек тобы. (4 жас).**

Айы	«Жеке қауіпсіздік» тақырыбы.	Мақсат-міндеттері.	Материалдар мен ресурстар.
Қыркүйек айы. I – II апта.	«Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері»	Тәрбиеленушілерге жедел қызметтердің, байланыс орталықтарының телефон нөмірлерін есте сақтауды және қажет кезде дұрыс қолдануды үйрету. 1. Балаларды «Жедел қызметтер, сенім телефоны» ұғымымен және олардың негізгі телефон нөмірлерімен таныстыру; 2. Қандай жағдайда жедел қызметтерге, байланыс орталығына хабарласу керек екенін түсіндіру;	Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбында мысалдарды көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер; Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар; Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.
Қыркүйек айы. III – IV апта	«Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Балаларға жедел қызметтерге дұрыс қоңырау шалуды, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруді үйрету. 1. Балалармен жедел қызмет, байланыс орталығы нөмірлерін қайталау; 2. Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету; 3. Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу сценарийін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету; 4. Жедел қызметтерге телефон соғу	Жедел қызметтерге қоңырау соғу мысалын көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер; Жедел қызмет нөмірлері бойынша жадынамалары бар үлестірме материалдар; Рөлдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.

		жаттығуларын өткізу.	
Қазан айы. Апта сайын.	«Топтағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Барлығына қауіпсіз және жайлы атмосфераны құру үшін балаларға топтағы мінез-құлықтың негізгі қағидаларын үйрету. 1. Балаларды тәрбие-білім беру процесі кезіндегі мінез-құлықтың негізгі қағидаларымен таныстыру; 2. Осы қағидаларды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 3. Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы мінез-құлық қағидаларын бекіту.	Мінез-құлық қағидаларының иллюстрациясы бар суреттер немесе карталар; Марапаттау үшін жапсырма немесе шағын сыйлықтар; Сюжетті-рөлдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар.
Қараша айы. Апта сайын.	«Өзің туралы негізгі ақпаратты есте сақтаймыз»	Балаларға төтенше жағдайда ақпаратты бере алуы үшін үй мекен жайы мен анасының телефон нөмірлерін есте сақтауды және дұрыс айтуды үйрету. 1. Балаларға үй мекен-жайы мен анасының (заңды өкілінің) телефон нөмірлерін білудің маңыздылығын түсіндіру; 2. Балаларға үй мекен-жайы мен анасының (заңды өкілінің) телефон нөмірлерін есте сақтауды және дұрыс айтуды үйрету; 3. Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балалардың	Мекен-жайы мен телефон нөмірлері бар карточкалар; Ойынға арналған ойыншық немесе қағаз «хаттар»; Марапаттауға арналған шағын сыйлықтар немесе жапсырмалар.

		білімдерін бекіту.	
Желтоқсан айы. Апта сайын.	«Абайлаңыз, терезе!»	Терезеден құлау жазатайым оқиғаларын болдырмау үшін балаларға пәтердегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын үйрету. 1. Балаларға терезелер неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру; 2. Балаларға терезенің жанында өзі нұстау қағидаларын үйрету; 3. Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балаларды дұрыс әдеттерге баулу.	Терезелердің жанында дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсететін суреттер немесе карточкалар; Сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар.
Қаңтар айы. Апта сайын.	«Үйдегі қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Балаларға үйдегі қауіпті заттарды тануды үйрету және қауіпсіз қолдану қағидаларын түсіндіру. 1. Балаларға үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру; 2. Балаларға қауіпті заттармен қауіпсіз әрекет ету қағидаларын үйрету; 3. Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балалардың білімдерін бекіту.	Өртүрлі заттарды (қауіпті және қауіпсіз) бейнелейтін суреттер немесе карточкалар. Сюжетті-рольдік ойындарға арналған заттар немесе ойыншықтар.

Ақпан айы. Апта сайын.	«Есік қағылған жағдайда қалай дұрыс жауап беру керек?»»	Балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын үйрету. 1. Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру; 2. Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету; 3. Балалардың білімін практикалық жаттығулармен ойындар арқылы бекіту.	Бейнероликтер.
Наурыз айы. Апта сайын.	«Көшедегі бейтаныс адамдардың ұсыныстарына қалай жауап беруге болады?»»	Балаларға көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру. 1. «Бейтаныс адам» деген ұғымды түсіндіру; 2. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын таныстыру; 3. Практикалық жаттығулармен ойындар арқылы балалардың білімін бекіту.	Бейнероликтер; Сюжеттік-рөлдік ойындар үшін қуыршақтар немесе ойыншықтар.

Сәуір айы. Апта сайын.	«Ойын алаңдарындағы мінез-құлық қағидалары»	Жазатайым оқиғалар мен жарақаттардың алдын алу үшін балаларға ойын алаңдарындағы қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі қағидаларын үйрету. 1. Балаларға ойын алаңдарында қауіпсіздік қағидаларын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 2. Әртүрлі ойын жағдайларындағы мінез-құлықтың нақты қағидалары туралы айту; 3. Практикалық жаттығулармен ойындар арқылы балалардың білімін бекіту.	Ойын алаңындағы әртүрлі жағдайларды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар; Сюжетті-рольдік ойындарға арналған қуыршақтар немесе ойыншықтар; Марапат ретінде берілетін шағын сыйлықтар мен жапсырмалар.
Мамыр айы. Апта сайын.	«Қоғамдық орындардағы және көліктегі мінез-құлық қағидалары»	Балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындардағы және қоғамдық көліктегі негізгі қауіпсіздік қағидаларын үйрету. 1. Балаларға қоғамдық орындарындағы мінез-құлықтың негізгі қағидаларын таныстыру; 2. Қоғамдық көліктегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын түсіндіру; 3. Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету.	Ойын-сауық орындарымен көліктің иллюстрациялары немесе суреттері.